

Ш.Мажитаева¹, Г.Синбаева²¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;²М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл**Көркем проза тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдердің қолданылу ерекшеліктері**

Мақалада көркем шығармалардағы эвфемизмдер мен дисфемизмдердің қолданылу ерекшеліктері қарастырылды. Ғылыми әдебиеттен эвфемизмдер мен дисфемизмдердің әр түрлі анықтамалары келтірілді. Олардың эмоционалды-экспрессивті мәнде қолданылуын авторлар көркем бейне жасаудың бір тәсілі ретінде қарастырды.

Кілтті сөздер: сөйлеу тілі, көркем шығарма, кейіпкер тілі, эвфемизмдер, дисфемизмдер, теориялық мәселе, эвфемистік мағына, синонимдік қатар, қарапайым сөздер, халықтың сөйлеу тілі, әдеби тіл.

Мақалада сөйлеу тілінде, яғни көркем шығармалардағы кейіпкер тіліндегі, эвфемизмдер мен дисфемизмдердің (дөрекі, тұрпайы лексика) қолданылу ерекшелігі салыстырыла отырып қарастырылады. Жалпы тіл біліміндегі эвфемизмдердің теориялық мәселесі А.А.Реформатский, Б.А.Ларин, В.П.Москвин, Т.Л.Павленко, тағы басқалардың еңбектерінде әр түрлі қырынан сөз болады.

Жалпы тіл білімінде эвфемизм дөрекі сөздерді сыпайы сөздермен алмастыру үшін жұмсалатын сөздер мен қолданыстар деп қарастырылады. Орыс тіл білімінде эвфемизмге төмендегідей анықтама беріледі: «Эвфемизмы — слова или выражения, служащие в определенных условиях для замены таких обозначений, которые представляются говорящему нежелательными, не вполне вежливыми, слишком резкими. Например, *задерживается* вместо *опаздывает*, *кто крайний?* вместо — *кто последний?* (в очереди), наряду с такими более или менее устойчивыми заменами в речи отличаются смягчающие индивидуально-контекстные обозначения, которые так же обычно расцениваются, как эвфемизмы» [1].

Эвфемизмге қазақ тіл білімінде берілген анықтамаларға зер салсақ, Ә.Хасенов «Тіл білімі» деген еңбегінде: «Эвфемизм — бір затты не құбылысты я болмаса бір оқиғаны сыпайылап айтып жеткізу амалы; адамның көңіліне келмейтіндей, жұқалап, жайдарылап, майдалап, іштей ренжіп тұрса да, рахаттана баяндағандай айта білу тәсілі», — деп түсіндіреді [2].

Тіл білімінде эвфемизмнің пайда болу жолы табу сөздердің қолданысымен байланысты деген пікір орныққан. Табу дегеніміз тыйым сөз ретінде қолданылады, тек ұғымға салынатын тыйым емес, сол ұғымның тілдегі атауына, яғни сөзге салынатын тыйым. Табу мен эвфемизм тіл ғылымында этнолингвистиканың зерттейтін нысанына жатқызылып, жан-жақты қарастырылып жүрген мәселе.

Ә.Ахметовтің «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» атты еңбегі табу мен эвфемизмдердің сырын кеңінен, жан-жақты ашып зерделеуге мүмкіндік берері сөзсіз [3]. Дегенмен қазақ тіліндегі эвфемизмдер мәселесі — әлі толық айқындалмаған құбылыс. Әсіресе эвфемизмдер мен дисфемизмдерді салыстыра отырып зерттейтін жұмыстардың қажеттігі сөзсіз. Өйткені бұл тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін көтеруге септігін тигізеді, тілді тиімді жұмсай білуге үйрететіні даусыз [3].

Сонымен, эвфемизм дегеніміз кез келген халықтың тілінен орын алады, сондай-ақ түркі тілдес халықтардың көбінде кездеседі.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінде де эвфемизмдер молынан, сан түрлі болып қолданылады және кейбір сөздердің эвфемистік мағынада қолдануына байланысты айырмашылықтар да жоқ емес.

Мәселен, түркі тілдес халықтардың тілінде «хатун», «хатын» сөздерінің қолданысында ешбір дөрекілік, жағымсыздық байқалмаса, қазақ тіліндегі «қатын» сөзін сыпайы сөздердің қатарына жатқыза алмаймыз. Мұндай сөз *әйел*, *жұбай*, *зайып*, *ақжаулық* сияқты жағымды болып естілетін сыпайы сөздермен алмастырылып отырылады. Ал «қатын» сөзі *ұрғашы*, *шүйке бас*, *төмен етек* сияқты жағымсыз, кемсіту, дөрекі мағыналы сөздермен қатар қарапайым сөйлеу тілінде дисфемизм түрінде ұшырасады.

Эвфемизмнің басты қызметі — мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылап жеткізу, оның пайда болуы да сыпайыгершілікке, әдептілікке негізделеді. Сыпайы, жағымды сөйлеумен байланысты кейбір сөздердің синонимдік қатарының молаюын эвфемизмдердің үлесіне жатқызуға болады.

Эвфемизм сияқты қарапайым сөздер де халықтың сөйлеу тілінің байлығы боп есептелінеді, әдеби тілді байытып отыратын бір көзі болып саналады. Қарапайым сөздерді көркем туындыларда жазушылар тек стилистикалық мақсатпен ғана қолданып қоймайды, сонымен қатар әдеби тілді байыту, дамыту мақсатын да көздейді. Тілдегі белгілі эвфемизмдер, дисфемизмдер, какофемизмдер көркем мәтінде басқа бір сөздермен немесе сөз тіркестерімен келіп синонимдер жасайды.

Орыс тіл білімінде эвфемизмдер синонимдердің түрлері ретінде айқындалады. Ғалым Д.Н.Шмелев «некоторыми исследователями как одна из разновидностей синонимов рассматриваются также так называемые эвфемизмы» деп эвфемизмдердің қызметіне назар аудартады [1].

Демек эвфемизмдер, бір жағынан, тілдегі синонимдерді молайтуға белгілі дәрежеде үлес қосып отырса, екінші жағынан, ойды бейнелеп көркем түрде жеткізудің амалы болып та саналады. Ағылшын тілінің тұрақты тіркестерін зерттеуші А.А.Путиннің пікірінше, тұрақты тіркестердің пайда болуының негізгі төрт көзі бар: эвфемизация, эвфемистік емес метафоризация, эвфониялық және стилистикалық құралдар (аллитерация, рифма, қайталау, жұптық синонимия, жұптық антонимия, салыстыру т.б.) және кірме сөздер».

Мәселен, *мылжың, тантық, қазымыр, қырт, көкіме* — бос сөзге үйір, көп сөйлейтін мазасыз адам; *маскүнем, ішкіш, араққұмар, араққор, арақкеш* — ішкіліктің соңына түскен, ішімдікке салынған адам, немесе *аузы күн шығысқа қарап қалды* тұрақты тірес түріндегі; *суайт, суқит, алдамшы, өтірікші, алдампаз* — болмағанды болды деп, жалған сөйлейтін, өтірікті судай сапыратын, қулықпен күн кешетін адам жайлы; *ұрлату, жымқыру, жасыру, қымқыру, зытыру, қымту, қымтыру* — біреудің бір затын білдіртпей алып кету немесе қолды болу мағынасындағы; *үлкен, дәу, дәй, дәкей, зор, орасан, дырау, әйдік, ірі, ұлы, нән, дыр, алпамса, ноян, шоң* (кітаб.), *шой қара, қожба* (сөйл.) — көлем жағынан аумақты, қомақты ұғымындағы берілген синонимдік қатарлардан *мылжың, тантық, ішкіш, араққұмар, араққор, алдамшы, үлкен* сияқты сөздерді сыпайыгершілікке, әдептілікке негізделген сөздердің қатарына жатқызуға болады.

Синонимдерді қолданудың бір тәсілі ретінде эвфемизмдердің қызметі жайлы Синонимдер сөздігінде төмендегідей анықтама берілген: «Мағынасы жағымсыз сөздердің мәнін тыңдаушыларға жеңілдетіп, жұмсартып айту тәсілін тіл білімінде эвфемизм деп атайды. Бұл да тіл мәдениетінің бір тәсілі болып саналады. Мәселен, *өсек-аяң* дегеннің орнына *жаяу почта, ұзын құлақ, сымсыз телефон* деп, *өтірік* сөз дегеннің орнына *қоспа* деп, *өсекші* дегеннің орнына *жеңіл ауыз* деп, *пара* дегеннің орнына *ауыз бастырық* деп, *ұрлық* дегеннің орнына *жиендік* деп, *қартаю* дегеннің орнына *жасы ұлғаю, рак* дегеннің орнына *жаман ауру* деп жұмсартып қолдана беруге болады.

Эвфемизм, әдетте, әдеби тіл нормасы болып саналса, ал дисфемизмдер ауызекі сөйлеу тілінде, көркем шығармалардағы кейіпкер тілінде белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылады. Ғалымдар әдеби тілді ауызекі әдеби тіл, ауызша әдеби, жазбаша әдеби тіл деп екіге бөледі. Ауызекі әдеби тілге қазіргі функционалдық стильдердің ішіндегі ресми, ғылыми, публицистикалық стильдердің ауызша формасын жатқызуға болады. Бұл жөнінде белгілі тілші-ғалым Р.Сыздықованың пікірін келтірейік: «Ұлттық әдеби тілдің жазу өнері шыққанға дейінгі үлгісі, сөз өнері хатқа түспей тұрған ерте дәуірдегі елінің қоғамдық-әлеуметтік мүдделерін өтеу үшін тұтынылған, бейнелі, асқақ стильге құрылған сөз саптау үлгісі. Олай болса, ұлттық әдеби тілдің жазбаша түрі шыққанға дейін дамыған түрі бүгінгі ауызекі сөйлеу стилінің негізі болып табылады. Ауызекі сөйлеу стилінде дөрекі сөздер, қарапайым, жергілікті сөздер мен диалекті сөздер жиі ұшырасады. Бөгде тілдік элементтер, орыс тілінен енген сөздер, табу мен эвфемизмдер жиі қолданылады» [4].

Ә.Ахметовтің тұжырымдауынша, «...табу мен эвфемизмдерді қолдану ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшелік болып табылатындығын көруге болады» [3; 55]. Бұлар белгілі контексте әр түрлі стильдік мән тудырады. Сөздің ұғымы дөрекілеу, қолайсыздау, көңілге тиетіндей болып келген жағдайда да тілдегі бір сөз басқа екінші бір сөзбен алмастырыла береді. Мұндай жағдайда мағынасы тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер айтылады. Эвфемизмдер тілдегі ауыспалы мағынадағы сөздерді толықтырып отыратын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдардың бірі ретінде қолданылуы сөз мағынасын дамытудағы қызметін айқындай түседі.

Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаевтар қазақ тіліндегі эвфемизмдердің қолданылу жолдарын былай көрсетеді:

1. Ауру аттары алмастырылады. Науқастың көзінше аурудың нақ өзін атамай, оның жеңілірек түрін айтады. Мысалы, *туберкулез* — *өкпе ауруы, рак*, немесе *қылтамақ* деудің орнына *жаман ауру* деп, дәрігерлер сөздердің мағынасы қатты тиетін сөздерді жұмсақ сөздермен алмастырып қолданады.

2. Адамның дене мүшелеріндегі кем-кетік атаулары алмастырылады. Мәселен, *ауру, жарымжан, мүгедек* адамды *дімкәс* деген сөзбен, *саңырау, керең* деген сөзді *құлағының мүкісі бар, сараң естиді* деп алмастырып айта беруге болады.

3. Мағынасы айтушы мен тыңдаушыға бірден соншама жағымсыз, дәрекі сөздер алмастырылады.

4. Үйлену мен тұрмыс құруға байланысты сөздер алмастырылады. Мәселен, *тұрмыс құру, баласын құтты орнына қондыру, қолына құс қондыру, отау тігу, бөпелі болу, аяғы ауыр* тәрізді сөздер үйленуге байланысты айтылады.

5. Қоғам өміріндегі адамдардың бір-бірінің жағымсыз қарым-қатынастарына қатысты сөздер алмастырылады.

Мәселен, *аузы жеңіл, қолының жымысқысы бар, қосып айтады, сөзге келу, аузының желі бар* дегендер сыпайлық мәнде айтылады [5; 121,122].

Эвфемизмдердің қолданысын әсіресе көркем шығармалардан айқын көруге болады: *Құдай қосқан қосағың* сыбағанды дайындап қояды. (Б.Мұқай. Жедел жәрдем, 227-б.). Алты жылдан бері *етегі қанамағанын* бетіне салық қылды. *Құлағынан қиқу кетпеді* (Сонда, 382-б.). Бойжетудің қақпай көрмей пісіп-жетілген *жанартаулары* бір-ақ түнде жарылып, мас қылып буын-буынын алған. (О.Бөкей. Кербұғы, 36-б.). –Айдалада қайдан жүр? — Қайданың не өзінің, *қайыытын* сыңарын іздеп жүр де, ақпан ғой, — деді мосқалдау. (А.Алтай. Қыр мен дала хикаялары, 131-б.). *Белден бел астым дегені қыз күнтимесінің* ішіне енген сайын *шауәті* от боп жанып, тұла бойының балқып ерігені. *Қыз анары* үлкейіп көрінеді. (Д.Досжан. Ине ұшындағы өмір, 8-б.).

Берілген үзінділерден әр түрлі мәнде қолданылған эвфемизмдерді байқай аламыз. Яғни *сыбағаңды дайындап, етегі қанамаған, қиқу кетпеді* қолданыстары ауыс мағынада жұмсалса, әйел мен ер адамның арасындағы табиғи жыныстық қатынас сөйлемдерде эвфемистік қолданыстар арқылы берілгенін көреміз.

«Өлім» деген ұғымды білдіру үшін тілімізде әр түрлі эвфемизмдер пайдаланылады. Әдеби тіліміздің көркем әдебиет және публицистикалық стильдерінде «өлім» концептісін түрлі-түрлі тәсілдер арқылы сыпайы сөздер мен сөз тіркестері құрайды. Көркем әдебиетте «өлімге» қатысты ұғымының қалай қолданылғанына мысалдар келтірейік: ... жетпіс жыл ғұмыры күйбең тіршілікпен тураған еттей зу етіп өте шығып, *бұ дүниеден аттанып кете барды*. Әке қайда, ана қайда, толып жатқан ағалар қайда, шешесі *өлгенде* мола басында шырқырап жылап қалған іні қайда? ...шешесінің *өлімін* естіген жоқ, естімесе де кәрілік жетіп *көз жұмған шығар* деп ойлаған, ал, қалғандары ше? (Д.Исабеков. Тіршілік, 411-б.). – Бәріңді *қойша бауыздаймын*, – деп айқай салды. – Шетіңнен *бауыздаймын* (Қ.Найманбаев. Түнгі жол, 265-б.). — *Мүрдем кетсе* де тілін тартпайды ол, – деді гүжілдеуік (Қ.Найманбаев. Түнгі жол, 266-б.). «Иттерді шетінен атып тастар ма еді», — деп кіжінді. «*Сыздауық сияқты сылып тастар* ма еді» (Қ.Найманбаев. Түнгі жол, 267-б.). ...Енді не бәрі екі-үш сағаттан кейін *ана дүниенің табалдырығына жетесің* (Қ.Найманбаев. Түнгі жол, 273-б.). Нұржаным шын жоқ болса, *қара жерге қағып жіберсеңші, күл ғып жіберсеңші!* ... «Жай түссін, *жайрайын*» деп ем (Б.Нұржекеев. Кінәлі махаббат, 321-б.).

«Өлімге» байланысты бұндай эвфемистік және дисфемистік тұрақты тіркестерді жалғастыра беруге болады.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектісін жан-жақты зерттеген ғалым К.Смағұлова фразеологизмдердің ішкі мағыналық реңктеріне назар аударып, «өлім-жітімге байланысты мағыналас фразеологизмдердің тілімізде сақталған тіркес түрлерінің мазмұндық жағы жалпы болғанымен, ішкі мағыналық формасындағы дифференциациялар қайран қаларлық топтарға жіктеліп кетеді. Қазақ «өлім бар жерде, қаза бар» деп ескертеді. Алланың ақ бұйрықты өлімі бар да, кенеттен қапылыста болатын қаза бар. Бір мақалдағы жалпы ұғым осындай лексика-семантикалық реңктермен екі түрлі түсінікпен беріледі. Эвфемистік, кейде дисфемистік тұрғыда айтылған тұрақты фразеологиялық тіркестер қатары соншама мол, әрі сипаттау әдісі де сан алуан» деген тұжырым жасайды [6].

Тіліміздегі фразеологизмдердің көпшілігі эвфемизмдер негізінде пайда болатындығы туралы Ә.Ахметов те «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» деген еңбегінде фразалық тіркестер сияқты мақал-мәтелдер де эвфемистік мағына тудыра алатындығына төмендегідей мысалдар келтіреді, мәселен, тілімізде *өлім-жітіммен* байланысты фразеологизмдер: *дүниеден көшу (өту); ажал аузында; төрінен көрі жақын; тұяқ серіппей өту; қыршыннан қиыл; жер қабу; жан тәсілімге таяну; жан беру; күні біту; көрге тығу (кіру); келмеске кету; жүріп кету; жастай кету; жазым болу; демі тоқтау (біту); қара жер алу; о дүниеге сапар шегу; мәңгі ұйқыға кету; құдай алу; үзіліп*

кету; сағаты біту; топырақ жамылу; шетінеп кету; шырағы сөну; ақ кебінге орану; олай-бұлай болып кету; мүрдем кету; жаны пида болу; ажал нәубеті жету; шейіт кету; қара жер төсек болу; көр құшу; көзі жұмылу; көз жазып қалу; аяқтағы суға ағып өлу; жанын жаһаннамаға жіберу, өлі мен тірінің арасында т.б. [3; 56].

Жоғарыдағы мысалдардан эвфемизмдермен бірге дисфемистік қолданыстарды көреміз. Эвфемизмдерге қарағанда дисфемизмдердің (какофемизмдер) көркем туындыларда стильдік қызметі жоғары. Олар көркем әдебиет, публицистикалық стильдерде экспрессивті мән үстеу үшін қолданылады. Тұрпайы, қарапайым сөздер көбіне сөйлеу тілінде, яғни кейіпкердің тілінде, жұмсалады.

Академик М.Серғалиев: «Ауызекі сөйлеу стилінде әдеби тіл нормасына жатпайтын сөздердің қолданылуын табиғи құбылыс деп санайды [7].

Тілдік қолданыста қарапайым фразеологизмдер де ұшырасады. Х.Қожахметова қарапайым фразеологизмдер туралы: «Әдеби тіл нормасына сай келмейтін, жай дөрекі тұрақты тіркестерді қарапайым фразеологизмдер дейміз. Алайда әдеби тіл нормасына жатпағанымен, көркем әдебиетте образ жасау үшін кейіпкер сөзінде кездесіп отырады. Бұл тілдік амал арқылы жазушы кейіпкердің ой-өрісін, өскен ортасын, әлеуметтік ортасын, әлеуметтік халін, мінез-құлқын көрсетеді», — дейді [8]. Мәселен:

- *Өй, шірік сол! Сөзін қара.* (С.Жүнісов. Қос анар, 304-б.).
- *Ой, қағыңғыр сол.* Жаным-ау, сен шын Дикәймісің? (С.Жүнісов. Қос анар, 304-б.).
- *Ой шірік, группашылың мұның, жаман неме!* (С.Жүнісов. Қос анар, 306-б.).
- *Бұл үй ме, тәйірі!* (С.Жүнісов. Қос анар, 306-б.).

Кейіпкер тілінде қолданылған дөрекі фразеологизм кейіпкердің мінез-құлқын, мәдениетін көрсетуде ерекше рөл атқарып тұр. Мұндай дөрекі фразеологизмдер тек кейіпкер тілінде ғана кездеседі. Олар жағымсыз реңкімен, ерекше стилистикалық қызметімен дараланады.

Ауызекі сөйлеу стилінде қолданылатын дисфемизмдер — мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Өйткені жағымды әдепті сөздерді (эвфемизмдерді) дөрекі, тұрпайы сөздермен, дисфемизмдермен (какофемизм) ауыстырып айтады. Жоғарыда аталған стильдерде дисфемизм, яғни тұрпайы, анайы сөздер, бір адамды кемсіту мақсатында жұмсалады. Жалпы дисфемизмдердің тілімізде ең жиі қолданысқа түсетін жері — ауызекі сөйлеу тілі. Дисфемизмдер әдеби нормаға жатпайды, әдетте олар сөйлеу мәдениеті төмен адамдардың сөзінде кездеседі: *шүйке бас, төмен етек, боқ мұрын, боқ қарын, құйыршық, сүмелек, күшік күйеу, керең, соқыр, шойнақ, бозы ботқа, сідігі сірке, боққа аспайды, көк езу* т.б.

Жазушылар дисфемизмдерді (какофемизмдерді) әдетте кейіпкердің образын ашуда қолданатыны белгілі. Бұл туралы Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиевтер: «боқ мұрын бала, боқтан өзгені сөз қылды, боғымен жасты баламен ойнады, боқ басында қалды, боғын пышақтады, боғын ақтарды, боққа әлі келмейді, қолынан боқ келмейді, боққа татымайды, боқтық естіді, боғын боталы түйе қылды, боқ жемеде қалды, боқтан да оңай, болар бала боғынан, боғы ботқа, сідігі сірке, өз басынан боғын көрмей, біреудің шоғын көреді» деген дисфемизм сөздер *кеміту, қорлау, жаратпау* ұғымын тудыратындығын айтып, оларды жазушы көркем шығармада өзінің қаһарманының мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін бейнелеп, нақтылы шынайы бейнесін жасау үшін қолданылатындығын көрсетеді [5; 122].

Мысалы: *Әй, ақсақ ит, дабырлама* (Қ.Найманбаев. Түнгі жол, 274). *Бірақ мына сүмелек сияқты бәрімізді су жүрек деп ойлама* (Б.Нұржекеев. Кінәлі махаббат, 270).

Көркем шығармаларда жазушы дөрекі сөздерді стильдік мақсатпен қолданатыны туралы академик Р.Сыздықтың тұжырымы да жоғарыдағы пікірмен үндес: «Нағыз жазушы кейіпкерлерін өздері беріп тұрған образға сай сөйлетеді. Кейіпкер сөзі оның бейнесін жасауға тікелей қызмет ететін көркемдік тәсілдің бір болып саналады», — дейді [5; 122].

Ғалым мысал ретінде бір ғана «Болыс болдым, мінекей» деген өлеңінде Абай болыс, шабарман, пысықтардың портретін жасау үшін *далтылдап, жалпылдап, барқылдап, бартылдап, шаңқылдап, аңқылдап, тарқылдап, қарқылдап, шартылдап, тарпылдап, лепілдеп, дікілдеп, өкімдеп, күпілдеп, шыбындап, жымыңдап* деген жағымсыз бейнелі етістіктерді келтіреді [9; 281].

Р.Сыздықтың есептеуінше, ұлы ақын жағымсыз замандастарының образын жасауда бұрын поэзия тіліне көп қатыстырылмайтын *бұртақтау, тыртыңдау, арсаңдау, ит көрген ешкі көздену, ыржыңдау, кірбіңдеу, тізесін созғылау* сияқты қимыл атауларын еркін енгізді, бұлар стильдік қызмет атқарып, поэтикалық құралға айналды [9; 284].

Сонымен, қазақ тіліндегі эвфемизмдер — сыпайыгершілікке, әдептілікке негізделген лексикалық қабат. Қазіргі қолданылып жүрген эвфемизмдер жайлы тіл ғылымында өскелең халқымыздың қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының күнделікті нақ көріністері деген пікір кездеседі. Эвфемизм сияқты қарапайым сөздер де халықтың сөйлеу тілінің байлығы боп есептелінеді, әдеби тілді байытып отыратын бір көзі болып саналады. Қарапайым сөздерді көркем туындыларда жазушылар тек стилистикалық мақсатпен ғана қолданып қоймайды, сонымен қатар әдеби тілді байыту, дамыту мақсатын да көздейді. Тілдегі белгілі эвфемизмдер, дисфемизмдер, какофемизмдер көркем мәтінде басқа бір сөздермен немесе сөз тіркестерімен келіп синонимдік қатар жасайды.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерінде Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев сөйлеу тілінде қолданылатын, бірақ әдеби тілде қолайсыздау болатын тұрмыстық және қарапайым сөздерді бір-бірінен ажырату қиындық туғызады, яғни бұл онша оңай шаруа емес деп есептеп, сондықтан оларды бірге қарастырады [5; 162].

Ал «Қазақ тілі энциклопедиясындағы» қарапайым сөзді түсіндіретін мақалаға келсек, онда оған мына төмендегідей анықтама берілген: «Қарапайым сөздер — сөйлеу тілінде сөздің мазмұнын тұрпайыландыра, айналдыра түсу мақсатымен қолданылатын тілдік құралдар. Қарапайым сөздер лексикасына қарапайым, тұрпайы, дөрекі, анайы сөздер (какофемизмдер), варваризмдер, жаргон сөздер мен кейбір диалектизмдер, тұрпайы мәнді фразеологизмдер, т.б. енеді (*шикі өкпе, қара борбай, төмен етек, боқ мұрын, сұмырай, су ми, сен тұр мен атайын* т.б.). ...Қарапайым сөздердің мынандай ерекшеліктері бар: 1. Стыльдік мәні бір нәрсені төмендету, кеміту, бағасын түсірерліктей болады; 2. Диалектизмдер сияқты территориялық жағынан шектелген емес, жалпы халыққа түсінікті, таныс сөздер; 3. Әдеби тілде қолдануға болмайтын жат сөздер [10].

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі эвфемизмдер де басқа тілдердегі сияқты сөз мағынасын және сөздік құрамды байытудың бірден-бір амалы болып табылады. Ал дисфемизмдерді де авторлар көп жағдайда әдеби тілде, көркем әдебиетте, атап айтқанда, біздің қарастырып отырған көркем прозалық туындыларда кейіпкерлердің образын жасауда эмоционалды-экспрессивті амал-тәсіл ретінде жұмсаған.

Эвфемизмдер мен дисфемизмдердің тілімізде жалпы қолдану аясы кең, біз бұл мақаламызда соның кейбір тұстарын ғана көрсетуді мақсат еттік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Шмелев Д.Н. Современный русский язык. Лексика. — М.: Просвещение, 1977.
- 2 Хасенов Ә. Тіл білімі. — Алматы: Санат, 2003. — 154-б.
- 3 Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. — Алматы: Ғылым, 1995.
- 4 Сыздықова Р. Ауызша әдеби тіл. Абай энциклопедиясы. — Алматы: Атамұра, 1995. — 107-б.
- 5 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. — Алматы: Дәуір, 2003.
- 6 Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: Докт. дис. ... автореф. — Алматы, 1998. — 23-б.
- 7 Серғалиев М. Стилистика негіздері. — Астана: ЕҰУ баспасы, 2006. — 62-б.
- 8 Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. — Алматы: Мектеп, 1997. — 34-б.
- 9 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1993.
- 10 Қазақ тілі. Энциклопедия. — Алматы: «ІДК-ТІРО» ред.-баспа орталығы, 1998. — 235-б.

Ш.Мажитаева, Г.Синбаева

**Особенности употребления эвфемизмов и дисфемизов
в языке художественного текста**

В данной статье рассматриваются особенности использования эвфемизмов и дисфемизмов в художественных произведениях, различные определения из научной литературы, а также характеризуются способы их образования. Использование эвфемизмов и дисфемизмов в эмоционально-экспрессивном значении авторами рассматривается как средство и один из способов создания художественного образа.

Sh.Mazhitayeva, G. Sinbayev

Especially the use of euphemisms and disfemizov language literary text

The authors focus on the peculiarities of using euphemisms and disphemisms in prose style. Different definitions of euphemisms and disphemisms from scientific works and dictionaries are given and the ways of their formation are described. The use of them in emotional and expressive meanings is considered as one of the ways of creating a literary character by authors.

Репозиторий КФУ